

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

Раушан СЕЙІТОВА:

ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫНА СҮЙСІНЕМІН



Бақытқожа Төлегенұлы туралы
кезекті сұхбатымыз жары
Раушан Сейітовамен болған еді

– Раушан апай, Бақытқожа ағамыздай халықаралық деңгейге көтерілген белгілі жазушының жары болу оңай емес шығар?

– Соншалықты қиын деп айта алмаймын, себебі ол күнделікті өмірде өте жайлы, шығармашылығына бар болмысымен берілген адам. Бірақ, еш уақытта кірпияздыққа салынып не киім, не тамақ талғамайды. Ол барлық уақытта өз ойларымен, өз шығармашылығымен қарбаласып жүреді. Тіпті кейді ол өзінің өмірде бар екенін де ұмытып кетеді (күлді).

– Ол кісінің ұзақ жылдар отасқан жары ретінде адами қасиеттері туралы не айта аласыз?

– Мінезі қатал, бірақ, шыншыл. Нәзік жүректі өте әдепті адам. Тек тәртіпке бағынады, содан болар, араласқан адамдардың да сондай тәртіпті болғанын қалайды. Кейбіреулер оған жақындау мүмкін емес деп ойлайды, бірақ мүлдем олай емес. Рас, ол пайдакүнем, ашкөз, өтірікші, жағымпаз, екіжүзді адамдарды жақтырмайды. Жастармен көп пікірлескенді жақсы көреді. Бүгінгі биігіне ол өзінің табан ет, маңдай терімен жетті деп мақтанышпен айта аламын. Сізге бір ғана мысал айтайын, Президент әкімшілігінде жұмыс жасаған кездері

отбасымызда жетіспеушілік көп болатын. Жұмыстан кейін бала-шағасын асырау үшін таксист болып жұмыс жасады. Жеке пәтер алғанға дейін 8 жыл бойы бала-шағамызбен пәтерден пәтерге көшіп жүрдік. Сол уақыттарда ол өзінің осындай қоңыр тірлігіне еш қынжылмайтын.

Сол жылдары мен де жолдасыма көмектесу үшін және балаларымды аяқтарынан тұрғызу үшін жалға дүкен алғанмын. Ал, Бақыт болса сенбі, жексенбі күндері маған көтерме базардан дүкенге азық-түлік тасуға көмектесетін. Біз сол дүкенде кішкентай балаларымызбен бірге қонып және түні бойы сауда жүргізетінбіз. Қыста қабырғасы жұқа дүкенді жылыту үшін қолдан жасалған қауіпті электрлік құрылғымен қолданатынбыз. Кейде қатты соққан жел біздің шағын дүңгіршекті ұшырып алып кетердей әсерде болатынбыз. Алла өзі жақсы көретін пендесіне сынақты көп жібереді дейді. Міне, біз осылай күн кештік. Бақыт менің сенімді қорғанышым. Ол әрдайым өзінің жеке қызығушылығын екінші орынға қоятын. Бірінші кезекте жұмысқа көңіл бөледі. Әрқашан өзгелер үшін құрбандыққа бара алады. Ол, тіпті, қаруланған қылмыскерлерге қарсы шыққан болатын. Бұл жөнінде «википедияны» қарасаңыз болады.



– Раушан апай, жолдасыңыз әке ретінде бала тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөледі?

– Бала тәрбиесі ол үшін ең маңызды мәселе. Балаларына үнемі Әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие қажет, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», деген сөзін естеріңнен шығармаңдар деп отырады. Балаларының да еңбекқор, өз елінің мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін құрметтегенін қалайды. Сондықтан да болар, біздің балаларымыз қазақ тілі мен қатар, орыс тілін, ағылшын, француз, португал тілдерін жақсы меңгерген.

– Бақыт аға қайырымдылық жасайтын адамдардың қатарына жата ма?

– Адамдарға қандай да бір қолдау көрсету оның қанына сіңген қасиет. Ештеңеге қарамастан, кей кезде өзіне қолдау керек жағдайда да, басқа адамдарға көмектесуге дайын тұрады. Ол жақсы ұйымдастырушы. Өзіне көмек сұрап келген адамдардың мәселелерін шешуді ойластыра біледі. Өзі үшін ешкімнен ештеме сұрамайды, ал, басқалар үшін қайда болсын көмек сұрап бара алады.

– Ағаның шығармашылыққа түбегейлі бет бұрып, жетістікке жетіп жатқанына сіз қаншалықты үлес қостым деп ойлайсыз?

– Бақыттың қасында менен басқа әйел болған жағдайда да, ол бәрі бір қазіргі жеткен жетістігіне жетер еді. Себебі, ол соншалықты ашық, ақылды, талантты адам. Мен кейде оған «жазушылық жұмыстың берері не? Қазір ешкім кітап оқымайды, ақшаңызды далаға шашып жатырсыз» деймін ғой. Ал, ол болса «жазушы үшін кітаптың басылып шығуы ерекше ғанибет сезім» дегеннен танбайды. Рас, менің бұл шағымым әйелдік назым ғана ғой. Көп жерлерде шыққан кітаптары талқыланып, мадақталып жатқандығына куә болғанда іштей қуанып отырамын. Бұл тек халқына қызмет жасау үшін туылған адам. Оны ендігі тәрбиелеу қолдан келмейді. Ол тіпті балаларын да осыған тәрбиелейді. Балаларына елін, жерін, өз халқын жақсы көру керек екендігін ауызы талғанша айтып келе жатқан әкенің бірі. Көп адамдар оны әдептілігі және бірқалыптылығы үшін құрметтейді.

– Рақмет.

**– Әңгімелескен
Назира СӘБИТҚЫЗЫ**

